Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

5 желтоқсан сейсенбі
№96 (2003)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ШЕТЕЛДЕ ЕМ АЛУ ҮРДІСКЕ АЙНАЛДЫ

Денсаулық сақтау жүйесі – әлеуметтік маңызды сала. Елімізде медицина саласын дамытуға басымдық берілген. Оған жыл сайын бөлінетін қаржы көлемі де артып келеді. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, дәрігерлердің біліктілігін арттыру мәселесі де оң шешімін тапқан. Алайда алға жылжыған сайын кері тартатын тұсы да жоқ емес.

Соңғы жылдары қазақстандықтардың шетелде ем алуы үрдіске айналды. Тіпті қарапайым медициналық тексерудің өзіне Түркия, Ташкентке баратын отандастардың қатары артқан. Көпшіліктің дертіне дауаны өзімізден емес өзге елден іздеуіне не себеп? Шекара асып шипа іздегендерге елімізде лайықты медициналық қызмет көрсетілмегені ме?

Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде еліміз құлдырау кезеңінен дамуға дейінгі сындарлы жолды бастан өткерді. Сол кездерде елдегі ахуал денсаулық саласында күйреткенін мамандар жасырмайды. Дәріні базардан алып, медицина қызметкерлерінің жалақысыз жұмыс істеген, тіпті денсаулық сақтау министрлігінің жабылып қалған сәті де болған екен. Кейін ел экономикасы еңсесін тіктеп, болашаққа батыл қадам басқан тұста басымдық берген бағыттың бірі осы сала еді.

3 БЕТТЕ

БРИФИНГ

Әлеуметтік-экономикалық дамуда қандай өзгерістер бар?

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет брифинг өткізді. Онда аймақтағы тұрғындардың өмір сүру ұзақтығын 2025 жылға қарай 75 жасқа дейін және медициналық қызметтің сапасын 80 пайызға арттыру үшін денсаулық сақтау саласының жұмысы «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы аясында атқарылатынын айтты.

– 2023 жылдың 1 қыркүйегінде облыстағы бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымдарына 817 600 тұрғын тіркелген. Оның ішінде 82,4 пайызы мемлекеттік медициналық ұйымдарға тіркелген болса, 17,6 пайызы жеке медициналық ұйымдарға тіркелген. Тұрғындарға 25 стационарлық, 26 амбулаториялық-емханалық, 100 дәрігерлік амбулатория, 25 фельдшерлік акушерлік бекет, 97 медициналық бекет, шалғай елді мекендердегі халыққа 6 жылжымалы медициналық кешен ұйымдастырылған, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ қалада құны 36,4 млрд теңгені құрайтын бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Бұнымен қоса 3 млрд теңгеге жуық қаржыға қан орталығының құрылысы да жүргізілуде. Бұдан бөлек 9 медициналық ғимарат күрделі жөндеуден өтсе, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылған.

Алдағы уақытта «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан қолға алынса, оның 15-і биыл ел игілігіне табысталмақ. Ұлттық жоба аясында 2024 жылы іске асырылатын 9 дәрігерлік амбулатория мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге жергілікті бюджеттен 39,1 млн теңге қаржы бөлініп, жыл соңына дейін мемлекеттік сараптама қорытындысы алынады.

2024 жылы заманауи перинаталдық орталық құрылысының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізу үшін қаланың сол жағалауында жер телімі рәсімделіп, 2025 жылы республикалық бюджет есебінен 200 келушіге арналған орталықтың құрылысы бастау алмақ.

2 БЕТТЕ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

«Көгілдір отын» жеткізу келер жыл еншісінде

«Әкімге алты сауал» айдарының кезекті қонағы – Ақжарма ауылдық округінің әкімі Сәттар Әбдіреев.

Ауылдық округтің бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалы қандай?

– Бүгінде 2370-ке жуық халық тұратын Ақжарма ауылдық округінің қоғамдық-саяси ахуалы жақсы.

Биыл округте қандай іс атқарылды? Тындырылған тірлік көп пе, әлде түйіткілді мәселе басым ба?

– Биыл Ақжарма ауылдық округіне амбулатория салынуда. Жоспарға сәйкес, бұл орталық келер жылдың желтоқсанында аяқталуы керек. Алайда мердігер мекеме жаңа жылға дейін аяқтауы мүмкін екенін жеткізді.

Ауылдық округке қарасты Баймұрат елді мекеніндегі екі ойын алаңы мен Талдыаралдағы бір ойын алаңына үш жасанды газон төселді. Баймұрат елді мекеніндегі 3 көшеге жарық бағаналары орнатылды. Сондай-ақ ауылдық округке көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, 700-ге жуық көшет отырғызылды.

Алдағы уақытта қандай мәселе шешімін таппақ?

– Біздің округтегі ауқымды мәселенің бірі – газбен қамтамасыз ету. Осыған сәйкес 37 млн-ға жоба әзірленіп, келесі жылға 1 млрд 366 млн теңге қаржы қаралуда. Қаражат мәселесі қаңтар мен ақпан айында шешіліп, жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп отырмыз.

Тұрғындар қабылдауыңызға қандай мәселемен келеді?

– Көбіне ауызсу мәселесі бойынша ғана келеді. Себебі бізде ауызсудың тоқтап қалатын кездері болады. Қазір осы мәселенің алдын алу үшін тиісті жөндеу жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек қоғамдық жұмыстан адам бөліп, халықтың, оның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың отынын кіргізіп беруге, пештің мұржасын тазалау сынды жұмыстарға көмектесіп, халықтың мәселесін шешудеміз.

Биыл үлгере алмаған ісіңіз?

– Негізі сол газ құбырын жүргіземіз бе деп едік, ол келер жылға қалып отыр. Сонымен қатар биыл балаларға арналған жабық ойын алаңын салу да жүзеге аспай қалды. Келер жылы салынады деген жоспар бар.

Алдағы уақыттағы атқарылатын жоспармен бөліссеңіз...

– Келер жылы Шіркейлі арнасы арқылы келетін аяқсу мәселесін шешіп, жаңа құбыр мен насос орнату жұмыстары жоспарлануда. Ауылдық округтегі 19 көшеге жол төселеді. Сонымен қатар алма бағын жасап, түрлі жеміс ағаштарын отырғызуды, жоспарладық. Одан бөлек балалар ойын алаңына жабық стадионның жобасын қарастырудамыз.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

КИІК АТУҒА РҰҚСАТ БЕРДІ,

Қоғамда қазір киікке қатысты мәселе қызу талқылануда. Тіпті киікті атуға рұқсат беріп, айды аспанға бір-ақ шығарды. Сондағы уәждері малдың жайылымдық жерін қиіктер жайпап кетуде екен. Бұған қарсы шығып жатқан тараптар да бар. Десе де біздің айтпағымыз басқа мәселе. Үкімет киікті атуға рұқсат берсе, онда киіктің мүйізін алып ұсталып түрмеге қамалғандардың мәселесін де қаперге алған жөн. Себебі киікті атып өлтірмеген, тек өлген киіктің мүйізін жинап отбасына табыс кіргізген азаматтардың не жазығы бар? Олардың кейбірі отбасының жалғыз асыраушысы болуы мүмкін. Қоғам белсенділері осы мәселені көтеріп, видеоүндеуін әлеуметтік желіге жариялауда.

4 БЕТТЕ

СОТТЫ БОЛҒАНДАР РАҚЫМШЫЛЫҚ АЛА МА?

Біз осы уақытқа дейін ажырасқан отбасылардың балаларына алимент төлеу туралы мәселесін жиі көтерген едік. Енді қарттық шағында өз ата-анасына қолғабыс болудың орнына олардан бас тартқан баласы алимент төлейді. Негізі бұл заң жүйесі біраздан бері қолға алынған. Бірақ бірі білсе, бірі біле бермейді.

АТА-АНАСЫНАН БАС ТАРТҚАНДАР АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙ МЕ?

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

ПОДПОЛКОВНИК ШЕГЕБАЕВ

Әр адам – ұстаз. Болмысына, мінез-құлқына, өмір сүру салтына, өнегелі өмір жолына қарасаңыз, үлгі аларлық тұсы көп. Әсіресе жақсылардың бойында өнеге етерлік қасиеттер аз болмайды.

Қазақтың танымында «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген әдемі ұғым бар. «Жігітке жеті өнер де аздық етеді» деу де құлаққа сіңісті. Бұл сөздер әшейін қызылсөзге жел беруден туған нәрсе емес, белгілі бір негізге сүйенуден туындаған тұжырым болса керек. Ал мұндай бағаға лайық халқының қалаулы, елінің елеулі ұлдары аз емес. Оларды санамалап жатудың қажеті жоқ, әрине. Дегенмен солардың бірі – ішкі істер саласының майталманы, полиция подполковнигі Аманбек Байтеміұлы Шегебаев.

Бұл кісі менің өмірімдегі жақсы адамым ғана емес, ол қызмет жолында тәлімгерім бола білді. Расында, біз Аманбек Байтеміұлынан біраз нәрсені үйрендік. Ол Жаңақорған ауданы Төменарық кеңшарында 1963 жылдың 8 желтоқсанында дүниеге келді. 1971 жылы Төменарық кеңшарындағы №223 қазақ орта мектебінде білім алды. 1982 жылы әскер қатарына шақырылып, Рига қаласында әскери борышын абыроймен өтеген. Содан 1984-1985 жылдары Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Төменарық кеншарында жұмысшы болып істейді. Сол жылы Жаңақорған ауданындағы кәсіби училищеде жүргізуші мамандығы бойынша білім алады.

Бір жылдан кейін қалалық ішкі істер бөлімі жанындағы күзет бөліміне қатардағы қызметкер болып жұмысқа орналасты. 1989-1992 жылдары Воронеж қаласындағы арнайы милиция мектебінің «автоматтандырылған байланыс және сигнализация жүйесін пайдалану» курсын бітіріп шыққан.

1992-2002 жылдары мамандандырылған күзет қызмет басқармасында еңбек етті. Одан соң 2002 жылдың ақпан айынан бастап, облыстық ішкі істер департаментінің мемлекеттік күзет қызмет бөлімінде аға инспектор, 2005 жылдың шілдесінен бастап осы бөлімнің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы болып қызмет атқарып келді. 2009 жылы полиция подполковнигі шені беріліп, зейнетке шықты. Абыройлы атқарған еңбек жолында бірінші, екінші дәрежелі «Полиция үздігі» медалімен және басқа да марапаттарға ие болған.

Адам адам болғалы әлі күнге дейін бейбіт өмір сүре алмай келе жатса, ол да жамандықтың жақсылыққа жол бермей, үнемі кедергі келтіруінің кесірі. Осыны еске алғанда жақсы адамдар туралы ғана ойлағың келеді. Жақсы адамдар туралы ойлау – жақсылықты аңсау деген сөз. Жақсы адамдар деп өзің жақсылығын көрген адамдарды айтпаймыз, қоғамға жақсылық нәрін себетін ұрпақ өргізген адамдарды айтамыз. Адамзатқа үлгі солар болсыншы. Жақсылық деген жақсы ой ойлау, жақсы сөз айту емес пе?! Ылғи да жақсы сөз айтатын адамдар – бейбіт өмірдің бастаушысы.

Аманбек ағам мен Әлия апамыз туралы айтқанда басыма ылғи да осындай ойлар келе бастайды. Екеуі 1993 жылы шаңырақ көтерді. Бүгінде Алланың берген 2 ұл, 1 қызды тәрбиелеп отыр. Қазақта «әке көрген оқ жонар» дегендей, ұрпағының үлкені Әсет әкесінің жолын қуып, полицияны таңдады. Кіші ұлы Есет «Халық» банкінде менеджер болса, қызы Әсел тіс дәрігері болып, халыққа қызмет етуде. Берекелі отбасы иелерінің ендігі тілегі – осы балаларының қызығын көріп, қос ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере-шөбере сүю. Міне, сол бақытты біз де тілейміз.

Жалпы айтқанда, тәлімгерім өмірде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, ақжарқын мінезді адам. Ешқашан білгенін үйретуден жалықпайтын, жастарға тәлім-тәрбие беруден шаршамайтын. Өзінен кейінгі буынға үнемі түзу жолмен жүруді үйретіп, шыншыл болуды айтып, талап етіп отырды. Қызмет бабында қолға алған істі аяғына дейін жеткізуді, кез келген қиындықта тез, дер уақытында дұрыс шешім қабылдауды үйретіп келді. Өйткені ішкі істер саласының қызметкерлерінен шапшаңдық та, тиянақтылық та талап етіледі.

Аманбек Байтеміұлының өмірлік ұстанымын айтар болсам, елге, халыққа адал қызмет ету. Қызметте жүргенде Абай атамыздың «ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген нақыл сөзін жиі айтып отыратын. Ең бастысы, ол осы салаға келген жас буынға антқа берік полицей атану үшін бойдағы қайсарлық пен төзімділікті шыңдап, ең бастысы – қалтқысыз қызмет етіп, темірдей тәртіпке үйрену керектігін үйрете білді.

Дәуіржан ПШАНОВ,
ішкі істер органдарының ардагері, запастағы полиция полковнигі

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

Бүгінде қалада ауысымы 400 келушіге арналған №5 қалалық емханаға жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге 50,2 млн теңге қаржы бөлініп, жобалау жұмыстары жүргізілуде. Бұл объектіні салу республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Аталған жоба мемлекеттік сараптамадан өткізілгеннен кейін қалаға қарасты Тасбөгет кентіне де ауысымы 400 келушіге арналған №4 қалалық емханасы құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленеді.

Жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық, қалаға қарасты Досан елді мекенінде медициналық бекет және Жаңақорғандағы көпбейінді аудандық орталық ауруханасы базасында балаларға «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылса, жылдың 20 желтоқсанына дейін құны 512,5 млн теңгеге 25 санитарлық көлік алынбақ.

Осындай ақпараттарды атап өткен облыс әкімінің орынбасары білім саласындағы атқарылған жұмыстарға тоқталып, «Білімді ұлт. Сапалы білім беру» ұлттық жобасы және ҚР мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген индикаторларға қол жеткізу бағытында жұмыстар жүргізіліп, Мемлекет басшысының қолдауымен Сыр елінде жүйелі жобалардың жүзеге асқанын жеткізді.

– Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірімізде 12300 орындық 21 мектеп салынады. Арал ауданында-4, Қазалы, Қармақшы және Жаңақорған аудандарында-2 жайлы мектеп пен Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында 1 мектеп, қалада 8 жайлы мектеп бой көтереді. Қанша жыл мәселесі шешілмей тұрған Бәйтерек мөлтек ауданынан 600 орындық жаңа мектеп ел игілігіне берілді. 2023 жылдың 1-қыркүйегінен бастап 6160 балабақша тәрбиешілерінің жалақысы 30 пайызға көбейген. Ал орта білім беру деңгейінде 325 мектеп бар оның 295-і мемлекеттік. Онда 180520 бала болса, қалған 11621 бала жекеменшік мектепте білім алады.

Биыл бірінші сыныпқа 17543 бала қабылданды. Жаңа оқу жылының басында облыс орталығындағы үш ауысымда оқыту қаупі бар 6 мектептің 4-не 1850 орынға арналған жаңа қосымша ғимараттар берілсе, Бәйтерек мөлтек ауданында пайдалануға берілген 600 орындық жаңа мектеп 2 мектептің сыйымдылық жүктемесін төмендетуге мүмкіндік берген.

Жуырда Шиелі ауданына қарасты Байсын ауылында 250 орындық мектеп ел игілігіне табысталды. Ол заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған. Жыл соңына дейін 550 орынды құрайтын Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі 250 орындық және Жаңақорған кентіндегі 300 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілмек.

Сондай-ақ «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен құны 7,3 млрд теңге болатын 8 мектептің құрылысын салуға тиісті ұсыныстар берілген.

Бүгінде сол жағалауда 400 орындық физика-математика мектебі мен 300 орындық жатақханасының құрылысы жүруде. Оның құны – 7,9 млрд теңге. Ал қосымша біліммен қамту мақсатында Жалағаш ауданында 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі пайдалануға берілсе, биыл «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи оқушылар сарайының құрылысы басталды, – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітіліп, осыған негізделген 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспармен жұмыс жасалуда. Онда ұлттық құндылықтар, ұлттық мүдде, ар-ұят және талап бағыттары қамтылса, облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» құрылды. Бұл орталық балалардың ой-танымын арттыруға, спорттық қабілетін шыңдауға, жасөспірімдер арасындағы түрлі келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталмақ.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша «Өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» аясында 43055 жұмыс орны ашылды. Ұлттық жобалар шеңберінде 2892 адам жұмысқа орналастырылған. Осыған сәйкес жылдық жоспар орындалмақ. Ал 10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес 10882 адам жұмысқа орналасты. Жаңа бизнес-идеяны жүзеге асыруға байланысты қайтарымсыз мемлекеттік грант бөлінген. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау ретінде 2,5 пайызбен несиені алуға мүмкіндік беруде. Оның ішінде 492 жас кәсіпкер құны 2 млрд 285 млн теңгеге қаржыландырылып, өз кәсіптерін бастады. Алдымен оған арнайы комиссия мүшелері жұмыс істесе, кәсіпкерлер өздерінің бизнес жоспарын құру арқылы оны қорғап қаржыландырудан қолдау тапқан.

Сонымен қатар әлеуметтік қолдау тапқан отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар бойынша атқарылған жұмыстарын айтып берді.

– 9000 отбасыға 47111 отбасы мүшелеріне 3491,5 млн теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді. Облыс бойынша бюджеттен тыс көмекке мұқтаж халықтың әлжуаз топтарынан шыққан 13487 адамға 205,3 млн теңге әлеуметтік қайырымдылық көмектер көрсетілді. Ал әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 29080 мүгедектігі бар адамның 25973-і оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етілді.

«Кедергісіз келешек» жобасын іске асыру шеңберінде облыс көлемінде 2023-2027 жылдарға арналған жоспарға сәйкес 309 инфрақұрылым объектісіне бейімдеу жұмыстары жүргізілді, – дейді Мейрамбек Шермағамбет.

Биыл өңірде эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы ауруға республикалық бюджеттен 7 млн доза ветеринариялық препарат бөлінген.

– Бекітілген 10 айлық жоспарға сәйкес, жануарларға 5,9 млн доза алдын ала толық егілді. Жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы бруцеллез ауруының алдын алу мақсатында осы жылы бекітілген жоспарға сәйкес 2,2 млн бас жануарлардан қан сынамаларын алып зерттеу жоспарланған. Жоспарға сәйкес 10 айда 1,6 млн бас жануар диагностикалық тексерістен өтіп, жоспар толық орындалды. Аймағымыз 10 айлық жоспардың орындалуында республика бойынша алдыңғы қатарда, – дейді облыс әкімнің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет.

Н.МУХАТАЕВА

Басы 1-бетте

АТА-АНАСЫНАН БАС ТАРТҚАНДАР АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙ МЕ?

Жалпы алименттің бірнеше түрі бар: кәмелеттік жасқа толмаған балаларға төленетін, бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне төленетін, 18 жастан асқан, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға төленетін, кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына төлейтін алимент.

Ата-ана баласынан алимент өндіре ала ма? Әрі қандай жағдайда алимент төлете алады? Осы сұрақтар бойынша біз №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы мекемесінің заңгері Жәдігер Тәжиевке жолықтық. Неге осы мекеме заңгеріне бардық? Себебі бүгінде қарттар үйінде барлығы 170 адам бар. Солардың үшеуі балаларынан алимент алып отыр.

Басы 1-бетте

Заңгер не дейді?

– Егер бала қартайған немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын ерікті түрде асырағысы келмесе, ол кезде ата-ана сотқа өтініш бере алады. Бірақ ата-ана құқығынан айырылған адамдар алимент ала алмайды.

Жалпы заңгер ретінде айтар болсам, қауқарсыз қарт ата-аналар өз балаларынан алимент өндіре алады. Өзім осы мекемеге заңгер болып келген кезімде бір азамат алимент алатынын білдім. Ол өзінің жұбайы мен екі ұлынан алимент алып отыр. Ал одан кейін орталықтың екі қызмет алушысы келіп, өтініштерін айтты. Яғни өз балаларынан алимент өндіргісі келетінін жеткізді. Арызы сотқа жолданып, арнайы шешім шығып, осы күні алимент алып отырған жайлары бар, – деді Жәдігер Әкбарұлы.

Маманның айтуынша, соңынан тіркелген екі азаматтың біреуінің ұлы Алматыда, енді бірі Байқоңырда тұрады. Негізі балалары қай қалада тұрса да алимент төлей береді. Тек сол тұрғылықты жерінің сот орындаушысы қадағалап отырады. Сонымен қатар алимент уақытылы төленуі тиіс. Жұмыссыз қалған жағдайда алимент төлеушінің жағдайы ескеріліп, уақытша тоқтатылады. Бірақ жұмыс тапқан соң қайтадан барлығы өндіріледі.

Тұрғындар қалай қарайды?

Нұрлан Меңлібаев, қала тұрғыны, ішкі істер саласының зейнеткері:

– Өзім осы жақында ғана естідім. Егер баласы ата-анасын қарттар үйіне өткізсе, алимент төлеу керектігі жайлы жаңалықтардан көріп қалғаным бар. Сол сәтте қолдап, дұрыс дедім. Өйткені біз баланы дүниеге әкелгенде қуанамыз, ертең осының қызығын көреміз деп үміт артамыз. Ал қартайған шағында немерелерінің арасында, жылы үйде отырудың орнына кім қарттар үйіне барғысы келеді? Ондай кезде баладан алимент өндірген дұрыс шешім. Бірақ дәл мұндай қарттықтан, қатігез ұрпақтан Алла сақтасын дейміз, – деді.

Балалары бас тартқан қарттар мен 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілетін орталықта барлығы 170 қызмет алушы жатса, оның ішінде үшеуі ғана алимент өндіріп отыр. Ал қалған баласы бар қарттарымыз әлі де болса балаларының жағдайын ойлап отырған сыңайлы. Иә, ұрпағың мықты, саналы болмаған соң бәрі бекер...

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ТАРИХ

Биыл Қызылорда жоғары медициналық колледжіне 95 жыл толды. Осыған орай оқу орнында салтанатты шара өткізді. Бұл мерейтой орта буын медицина мамандарына кәсіптік білім беру, оларды мамандыққа даярлау және біліктілікті арттыруға мүмкіндік берген және білім ордасын 30 жылға жуық басқарған «Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген дәрігер» Сара Дәуітбаеваның 90 жылдығымен тұспа-тұс келуде.

Шараға Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков, облыстық медицина саласы ардагерлер кеңесінің төрайымы Райса Көзденова және «Ұрпақтан–ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алмагүл Божанова қатысты. Оқу орнының денсаулық саласы үшін маңызы зор екенін облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков атап айтты.

– Аймақты мамандармен қамтамасыз етуде оқу орнының маңызы жоғары. Жүз жылға жуық тарихында 40 мыңнан аса медициналық қызметкер даярлаған білім шаңырағы бүгінгі заманның да талабын қанағаттандыруда. Қоғамның салауатты қалыптасуында, дені сау ұрпақтың өсіп-өнуіне дәрігердің білімі мен білігі, оларға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау аса маңызды.

Қазіргі таңда колледжде медициналық білім берудің аясын кеңейту мақсатында шетелдік тәжірибе негізінде 2016 жылдан бастап «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламасы енгізіліп, бакалавр деңгейіндегі жоғары білімді мейіргер біліктілігі берілуде. Студенттерді кең спектрлі клиникалық дағдыларды, базалық және кәсіби құзыреттіліктерді игеру үшін клиникалық тәжірибеден өтеді.

Осындай озық тәжірибелерімен білім көшінен қалмай келе жатқан оқу орнынан аймағымыздың медицинасында өзіндік қолтаңбасы бар және өлшеусіз үлес қосып жүрген медицина мамандары жетерлік, осындай түлектерімен бүгінде колледждің мерейі үстем, – деді денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

Салтанатты шара барысында денсаулық сақтау басқармасы колледж қызметкерлерін арнайы алғыс хат пен марапаттаса, колледж түлектеріне мерейтойлық төс белгісі тағылды.

Сөз соңында Қызылорда медициналық жоғары колледжінің директоры Салтанат Тасмағанбетова алғысы мен тілегін айтты.

– Кеңестік дәуірде ашылып, күрделі кезеңдерді бастан өткерген оқу орны бүгінде білім көшінен қалмай, абыройы мен мерейі тасыған оқу орнына айналды. Әрине, мұндай биікке көтерілудің артында қаншама жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың қажырлы еңбегі мен маңдай тері бар екенін жақсы білеміз. Солардың бірі де, бірегейі – Сара Төлегенқызы Даутбаева.

Білікті басшының сара жолын облыстың көрнекті қоғам қайраткері Раиса Көзденова, Қазақстан Республикасының сенаторы Ақмарал Әлназарова облысымызға белгілі дәрігерлер Азима Ибраева, Лайла Култаева жалғастырды.

Білім ордасының бақыты мен мерейінің өлшемі уақыт емес, ең әуелі одан қанағаттанған өнегелі білімді түлектер және еңбегінен бақыт тапқан ұстаздар қауымы. Сондықтан қадірлі ұжымды, ондағы ұстаздарымызбен қызметкерлерімізді бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, колледжіміздің кемелденуі мен қарыштап дамуы жолындағы еңбектеріңіз еселене берсін демекпін, – деді колледж директоры.

Н.СЕРІКБАЙ

ШЕТЕЛДЕ ЕМ АЛУ ҮРДІСКЕ АЙНАЛАДЫ

Иә, отандық медицинаны дамытуда бірқатар стратегиялық бағдарлама әзірленіп, соның аясында атқарылған жұмыс жетерлік. Бұрынғысымен салыстырғанда еліміздегі қазіргі медицинаның әлдеқайда дамығанын байқауға болады. Астана қаласында республикалық диагностикалық орталық, ұлттық ғылыми ана мен бала денсаулығы, ұлттық нейрохирургия, ұлттық балалар оңалту орталығы, ұлттық ғылыми онкология орталығы сынды медициналық нысандардың ашылуы, оның заманауи құрылғылармен жабдықталуы, дәрігерлердің біліктілік арттыруда шетелдің мықты мамандарынан дәріс алуы, әлемнің озық әдісін отандық медицинаға енгізуі салаға серпін әкелген. Денсаулық саласындағы жетістіктерді тізбектесек ешбір елден кем түспейтініміз анық. Десек те халықтың отандық медицина мен дәрігерлерге деген сеніміне селкеу түсірген не жағдай?

Әріптес әңгімесі

Өз денсаулығын жақсарту үшін өзбек елінің медицинасын таңдағандардың бірі – әріптесіміз Гүлбану Мақажан. Сыр медицинасын ақпараттандырып жүрген журналистің өзі дертінің емін шетелден тапқан.

– Денсаулықтан артық ештеңе жоқ. Тәніміздің саулығы басты орында. Жергілікті емханадағы дәрігер диагнозыма байланысты ота жасау керегін айтты. Оны Алматы қаласында жасату үшін порталға қойды. Уақыты келгенде тиісті емдеу орнына бардым. Өкінішке қарай, ол жақтағы дәрігерлер отаның ауыр болатынын, тіпті өміріме қауіп төнетінін айтып, ота жасаудан бас тартты. Еліміздің білікті мамандары солай деген соң қорыққаным рас. Алайда мұның артында басқа дүние тұр екен. Қызылордаға келген соң ем алудың басқа жолдарын қарастырдым. Жан-жақты зерделеп, қай жақта ем қабылдаған дұрыс, қанша қаржы кететінін сараладым. «Instagram» желісі арқылы халықтың да пікірін сұрадым. Сонда көбі маған Ташкентке баруға кеңес берді. Ондағы ең мықты клиникалардың бірін таңдап, екі апта ем алдым. Қазір Құдайға шүкір, денсаулығым бірқалыпты. Алдағы уақытта тағы да сол елге барып тексерістен өтемін. Ота жасаған дәрігермен хабарласып, кеңес алып отырмын. Еліміздің медицинасы ол жақтан кем түседі дей алмаймын. Ол жақтағы мүмкіндік бізде де бар. Астана, Алматы қаласындағы ірі медициналық орталықтарда бар мүмкіндік қарастырылған. Ондағы мамандар да білікті. Алайда әттеген-ай дейтін жағдай көп, – дейді әріптесіміз.

Ташкентке барып келгеннен кейін әлеуметтік желіде белсенді әріптесімізге оқырмандарының хабарласуы көбейген екен.

– Халық денсаулығын күту немесе жақсарту үшін қарызданса да шекара асуға бар. Себебі ол жақта медициналық қызметтің сапалы екеніне сенеді. Маған «instagram» желісі арқылы сұрақ қоюшылар күрт өсті. Барлығы дерлік өз дертіне шипа іздеп жүрген жандар. «Ташкентке емге барсақ деймін. Қандай клиниканы таңдаған дұрыс, шығыны қанша?» деп сұрайды. Қолдан келгенше білетін ақпаратты бөлісіп жүрмін. Алайда медициналық сақтандыру қорына жинаған қаражатымды өз денсаулығыма мақсатты жұмсай алмағаным жаныма батты, – дейді ол.

Шетелден ем іздейтіндердің көбінің айтар базынасы осы. Дәрігерлердің диагнозды дұрыс қоя алмауын, портал уақытын ұзақ күтетінін, дұрыс ем жүргізбейтінін алға тартады. Сондай-ақ науқаспен қарым-қатынас жасай алмауы да өзекті болып отыр.

Түркиядағы тактика бөлек

Жанына шипа іздеп шетел асқан жанның бірі – қала тұрғыны Жанар Жұбанова. Кезекті скринингтік тексеруден өткен оған жергілікті дәрігерлер қатерлі ісікке күдік барын айтқан. Тиісті тексеруден өткен соң ол аты жаман аурудың барына күмәнмен қарапты.

– Тексеру кезінде осындай диагноз қойды. Алғашқы сатысы екен. Мұндағы дәрігерлердің айтқаны тез арада ота жасатып, ісік анықталған ағзаны алып тастау болды. Тиісті тексерістерден өттім. Күмәнданған себебім МРТ түскенде қатерлі дерттің белгісін анықтамады. Таза деп шығарды. Сосын не болса да Түркияға барып тексеруден өтейін деп шештім. Ол жақтағы дәрігерлер еліміздегі қойылған диагнозды растады. Бірақ ота жасамай-ақ зақымданған клеткаларды емдеуге болатын айтты. Сол жақта ем алдым. Қазір денсаулығым мазаламайды. Елге келген соң қайта тексерілген жоқпын. Бұйыртса, келер жылы тағы да Түркияға жоспарлы тексеруге барамын. Осы орайда тұрғындарға, әсіресе әйел кісілерге скринингтік тексеруден уақытында өту керегін айтқым келеді. Уақыт создырмай ауруды ерте кезден анықтап алдын алуға болады. Бір жақсысы емханада анализ тапсыру, тиісті тексеруден өту тегін жүргізілді. Мамандар да осал дей алмаймын. Тек ота жасаудан басқа амал жоқ дегесін көрші елге баруыма тура келді, – дейді кейіпкеріміз.

Отандық медицина қауқарсыз ба?

Шет елде ем алу үшін халықтан көмек сұрағандардың бірі – Әсел есімді қала тұрғыны. Аяқасты екі аяғының қозғалуы қиындап тексеруден өткен оған дәрігерлер ұршық басының өліеттенуі диагнозын қойған.

– Диагнозыма байланысты емді елімізде жасауға болады. Бірақ отаны тек бір аяққа ғана жасай алады. Келесі аяққа жасау үшін күту керек екен. Менің жағдайымда екі аяғыма да ота жасату керек. Денсаулығыма байланысты еліміздегі мықты деген емханаларға бардым, мамандармен сөйлестім. Германиядан келген дәрігер отаны екі аяққа бірдей жасау керектігін айтты. Себебі уақыт оздыруға болмайды. Күтетін болсам аяғым ота жасатуға жарамай қалуы мүмкін. Мұндай отаны Үндістанда робот арқылы жасайды екен. Қазіргі таңда халықтан көмек сұрап, қаржы жинап жатқан жайым бар. Үйімді сатуға қойғанымдағы өтпей жатыр. Өзіме қозғалуға тыйым салды. Жолдасымның жалақысы күнделікті қажеттіліктен артылмайды. Алдағы уақытта «Қазақстан халқына» қорынан көмек сұрасам деймін. Оған қажетті құжаттарды реттеп жатырмын, – дейді Әсел бізбен әңгімесінде.

Бас дәрігер не дейді?

Бүгінде көпшілікке ем алу үшін ең тиімді мемлекет Өзбекстан болып тұр. Ташкент қаласына бару, әсіресе, қызылордалықтарға тиімді. Жолақысы, барғаннан кейін жүріп-тұруына да көп қаржы жұмсамайсың. Ем алатын емханаға жақын жерден пәтер жалдау, ас-ауқатына кететін қаржы да қалтаға салмақ түсірмейді дейді білетіндер. Ал елімізде жеке емханаларда ем алудан бөлек, ел ішінде жүріп-тұру, жол пұлына кететін ақшаның өзі Ташкенттен екі есеге шығады-мыс.

Тақырыпқа орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақовтың пікірін білгенді де жөн көрдік. Бұған дейін денсаулық сақтау министрлігінде қызмет еткен ол науқастарды шетелде емдету мәселесімен айналысқанын, жалпы тақырыптың бүгінде өзекті екенін тілге тиек етті.

– Денсаулық сақтау министрлігінің №44 бұйрығына сәйкес науқастарды шетелде ем алуға жіберудің өзіндік талабы бар. Мәселен, ересектерде белгілі бір ауру түрін елімізде емдеу мүмкін болмаса, 18 жасқа дейінгі балалардың диагнозының емі елімізде жоқ болса, сондай-ақ мемлекетті қорғау кезінде жарақат алғандарды Президенттің шешімімен шетелде ем алуға жібереді. Осы 3 жағдайда ғана мемлекет тарапынан тегін жолдама беріледі. Мұның өзі реттілікпен жүзеге асады. Жергілікті емхана науқастың диагнозын дұрыс қоя алмаса қалалық немесе облыстық ауруханаға жіберуі тиіс. Егер облыстық деңгейде емделмесе, республикалық емханаларға жолдама береді. Егер бұл жерде аурудың елімізде емі жоқтығы анықталса, онда шетелде емдету керек деген шешім шығарады. Осыдан соң жауапты мекемелер шетелдік емханаларды зерттеп, зерделеп, келісім жасай отырып науқасты ем алуға жібереді, – дейді бас дәрігер.

Бүгінде жасты да, жасамысты да әбігерге салған ауру түрі көп. Жаңа туған сәбиден бастап ересектерге дейін елімізде емі жоқ, бұрын-соңды естімеген дертке шалдығып, халықтан қаржылай көмек сұрағандар әлеуметтік желіде көзге жиі түседі. Олар мұндай жағдайда шетелде ем алу мемлекет тарапынан қаржыландырылатынын білмейтін сыңайлы. Немесе сенбегендіктен көптің берген көмегімен өз бетінше ем алуға амал жасайды. Қалай десекте, мемлекет қолдауынан гөрі халықтың қолдауымен ем алдым дегендердің қатары артқан.

– Қабылдауға баласын шетелде емдеткісі келетін ата-аналар жиі келеді. Көбіне мүмкіндігі шектеулі балаларын дертінен айықтырсам дейді. Ата-ана ретінде олардың жанайқайын түсінуге болады. Алайда маман ретінде оның емі жоқ екенін түсіндіруге тырысамыз. Оған тек оңалту шарасын жүргізу, тиісті дәрісін беру арқылы көмектесе аламыз. Еліміздегі медицина саласы жыл санап дамып келеді. Тіпті Орталық Азия елдерінде жоқ құрал-жабдықтар Қазақстанда бар. Мықты, беткеұстар дәрігерлер де жетерлік. Алайда халық өз мамандарымыздан гөрі шетелдік мамандарды жоғары бағалайды. Тәжірибемде мынадай жағдай болған. Онкологиялық аурудың бір түрімен ауыратын баласын шетелде емдеткісі келген ата-ана еліміздегі мамандар уақыт өткізіп алғанын, емі жоғын, 3-4 ай өмірі қалғанын ескертсе де сенбей, ұлын шетелге емдетуге алып кеткен. Сөйтіп Еуропаның мықты деген емханасына жатқызды. Ол жақта науқас 3 айдай ем алды. Соңында ем қонбай шетелде көз жұмды. Сол 3 ай ем алғаны үшін емханаға біршама қаржы қарыз болды. Кейін елге келгеннен кейін ол кісілерден шетелде қандай ем жүргізгенін сұрадым. Сонда Еуропада енді шығып жатқан дәріні қазақстандық науқасқа сынап көрген екен. Мұндай сынақты олар жергілікті балаларға жүргізе алмайды. Себебі заң қатал. Ал баласын емдеткен ата-ана оны сынақ жүргізгені үшін сотқа бере алмайды. Осындай жағдайларға қарамастан жұртшылық шетелге барғысы келеді, – дейді бас дәрігер.

Аймақтың бас дәрігері халық арасында жергілікті, отандық дәрігерлерді менсінбеушілік бар екенін жеткізді. Өзге елдің маманын мықты санайтындар қарызданса да шетелге баруға тырысады. Ал білікті дәрігерлер өз елімізде де бар. Сол сияқты өзге елден ем алу үшін қомақты қаржы жұмсауға дайын жұртшылық жергілікті дәрігер тағайындаған дәріні қымбатсынады. Кейбірі ақылы анализ тапсыруға келіспейді. Бірақ шетелде одан қымбат бағаға тапсырады. Осындай кереғар жайттарды тізбектеген ол көпшіліктің мына жағдайды ескеру керегін айтады.

– Шетелге емделуге баратындардың көбі елімізде өзіне қойылған диагнозды мойындағысы келмейді, қабылдай алмайды. Солай өзге мемлекетке барып қайта тексеруден өтеді. Шетелге шықпас бұрын елімізде дертінің дауасы бар-жоғын нақтылап алуы керек. Егер республикалық емхана дәрігерлері Қазақстанда емі жоқ десе, мемлекет қаржысы есебінен шетелге тегін ем алуына болады. Ал егер оның әлем бойынша емі жоқ десе, босқа шығындалудың қажеті жоқ. Мамандарға сенген дұрыс. Қазір «Қазақстан халқына» көмек қоры бар. Қор осындай жағдайдағы науқастың шетелде ем алуына көмек береді. Шетелдегі емдеу орнын арнайы мамандар зерттей отырып нақтылайды, – дейді Олжас Ермекұлы.

Расымен, шетелден дәрігер келеді десе ештеңеге қарамастан кеңес алуға асығамыз. Ондағы кеңес алудың құны да арзан емесі белгілі. Шетелдік маман жаныңа батқан дертіңнің дауасын тауып беретіндей көрінеді. Себебі елімізде емі жоқ деген аурудың шипасын шетелдік мамандар емдей алатынын айтады. Үмітсіз шайтан. Денсаулығыңнан артық ештеңе жоғын ұққанда бұдан артық не керек?

– Шетелдік дәрігерлер емдей алмаймыз деп айтпайды. Олар міндетті түрде келіңіз деп шақырады. Бірақ қандай ем жүргізетіні белгісіз. Ол жақта біздің емдеу протоколымызда жоқ дәрі беруі не ем-шара жасауы мүмкін. Ал отандық медицина зерттелген, нақты нәтижеге негізделген ем шарасын қолданады. Өзге елдердің көбінде бізде жоқ дәрі-дәрмекті пайдаланады. Оның қаншалықты нәтижелі немесе сынама екенін білмейміз. Әрине, шетелде емдей алмайды, нәтиже жоқ деп айтуға болмайды. Алайда зерттеу, салыстыру қажет. Отандық дәрігерлер қойған диагнозды зерттеңіз, дәрігермен кеңесіңіз, заңдылығына сай әрекет етіңіз. Генетикалық ауытқуға, неврологиялық ауру түрлеріне ем іздеудің қажеті жоқ. Оны шет елде де емдемей алмайды. Сондай-ақ ағза ауыстыруы керек науқастар да шет мемлекеттен ем іздейді. Ол жаққа барғанымен қажетті ағзаны бірден тауып бермейді ғой. Ол жақта да алдымен өз елінің азаматтарына мүмкіндік қарастырады, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Жасыратыны жоқ, ел арасында жергілікті немесе отандық медицинада диагнозды дұрыс қоймайды деген түсінік қалыптасқан. Бұған себепте жоқ емес. Елімізде қойылған диагнозды шетел мамандарының растамауы осындай пікірді туындатуда. Мұның да себебін аймақтың бас дәрігерінен сұрағанды жөн көрдік.

– Расымен, елімізде заманауи гендік зертханалар жоқ. Медицинада 200-ден аса сирек кездесетін ауру түрі бар. Ол туралы дәрігерлер білмеуі мүмкін. Оны анықтау үшін арнайы құрал-жабдығы бар зертхана жасақталуы тиіс. Сонымен бірге диагностикалық құралдардың жетіспеушілігінен де диагноз дұрыс анықталмауы мүмкін. Осындай белгілі бір себебі болмаса дәрігердің барлығы диагнозды дұрыс қоя алмайды деу екіұшты пікір дер едім. Оның үстіне, шетелде қойылған диагноз немесе елдегі диагноздың ол жақта анықталмауы да нақты дүние емес. Мен емханада жұмыс істеген кезде тәжірибемде бір жағдай болған. Науқасқа сүт безінің қатерлі ісігі диагнозы қойылды. Ол бұған сенбей Алматы қаласында тексеруден өтті. Ол жақта да осы диагнозды растады. Бірақ оған да сенбеді. Солай Түркияға барып тексерілді. Алайда түркиялық әріптестер бұл диагнозды жоққа шығарды. Елге келгесін диагнозды дұрыс қоя алмадыңдар деп ренішін білдірген. Өкінішке орай, сол кісі бір жарым жылдан кейін қатерлі ісіктен көз жұмды. Сондықтан шетелдік дәрігерлерге де қатты сенудің қажеті жоқ дер едім. Қазір көпшілігі Ташкентте ем алады. Ол жақта арзан дейді. Бірақ ондағы емдеу тәсілі Қазақстандағы емханалық хаттамаға енгізілмеген. Мысалы, елімізде жұлынның ішіне дәрі енгізу, ісіктің сыртынан сәуле беру сынды ем шарасы қолданылмайды. Өйткені отандық медицинада нақты, дәлелденген ем-дом жүргізіледі. Сонымен бірге тұрғындар жаңа заман талабына дағдыланғаны дұрыс. Қазір емхана дәрігеріне қаралу үшін бұрынғыдай ерте келіп кезек алмайсыз. Барлығы онлайн платформа арқылы жүзеге асады. Дәрігерге қаралу уақытын өзіңіз белгілейсіз, уақытында кезек күтпей кіресіз. Анализ тапсыру үшін де көп уақыт жоғалтпайсыз. Тек уақытыңызды жүйелесеңіз болғаны, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов.

Жергілікті денсаулық саласында халықтың көп шағымданатыны портал уақыты. Ауруханада ем алу үшін 3-4 ай портал уақытын күткісі келмейтіндер араға тамыр-танысын салып уақытын қысқартқысы келеді. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлықты күшейтеді. Мұндай жүйе бұрыннан қалыптасқанын жасыра алмаймыз. Облыстың бас дәрігері тұрғындарға мұндай әдеттен арылу керектігін айтады. Оның айтуынша, порталға қою науқастың денсаулығына қарай жүзеге асады. Уақыт күттірмейтін ауруы бар науқасқа жедел көмек көрсетіледі. Сондай-ақ портал уақыты қазір 1 айға да жетпейтін көрінеді. Әрі кетсе 20-25 күн. Оның өзі ауруханадағы бос орынның және мамандардың жеткілікті болуына байланысты. Қазіргі таңда портал уақытын қысқарту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан көрінеді.

Шет елге емге барудың тағы бір себебі – онкологиялық ауруды биопсия, гистология жасатпай анықтау. Көпшілік Өзбек елінде қатерлі ісікті биопсиясыз анықтайтын құрылғыға түсу, денесіне пышақ тигізбеу үшін барады. Анығында, медицинасы дамыған деп таңдай қағатын көрші елдегі бұл аппарат өзімізде де бар екен.

– Онкологияны биопсия, гистология жасамай анықтау әлемдік тәжірибеде жоқ. Онсыз нақты диагноз қоя алмайды. Ал заманауи жабдық деп жүрген ПЭТ, КТ аппараты елімізде де бар. Қатерлі ісігі бар науқас оған тегін түсе алады. Елімізде МӘМС жүйесімен де басқа жағдайда да медициналық тексеруден өту көбіне тегін жүргізіледі. Бірақ көпшілік мұны біле бермейді немесе түсінбейді. Байқасаңыз, қазір ауруханадағы науқастардың барлығы тегін ем алуда. Аймақтағы бірқатар емдеу нысанындағы ақылы бөлімдерді жаптық. Кей ауруханада санын қысқарттық. Себебі ақылы ем алатын науқас жоқ. Барлығы дерлік тегін көмекке жүгінеді, – дейді өңірдің бас дәрігері.

Елімізде медициналық қызмет алу тегін әрі мүмкіндігі зор деген облыстың бас дәрігері Олжас Ермекұлы әңгіме барысында шетелге емге баратындардың қатарында әріптестерінің де барын жасырмады. Бұл да болса отандық медицинаға, дәрігерлерге деген сенімге селкеу түсіретін жағдай. Десе де басты нәрсе – халықтың медициналық, құқықтық сауатын арттыру. Отандық медицина мен мамандарға деген сенімді жоғалтпау. Себебі шетелдік мамандардан да мықты, мақтан тұтар дәрігерлер өзіміздің елде де, аймақта да баршылық.

А.СЕЙІЛ

Бүгінде көпшілікке ем алу үшін ең тиімді мемлекет Өзбекстан болуда. Ташкент қаласына бару әсіресе, қызылордалықтарға тиімді. Жолақысы бару-қайтуыңа, барғаннан кейін жүріп-тұруыңа да көп қаржы жұмсамайсың. Ем алатын емханаға жақын жерден пәтер жалдау, ас-ауқатына кететін қаржы да қалтаға салмақ түсірмейді дейді білетіндер. Ал елімізде жеке емханаларда ем алудан бөлек, ел ішінде жүріп-тұру, жол пұлына кететін ақшаның өзі Ташкенттен екі есеге шығады-мыс.

Онкологияны биопсия, гистология жасамай анықтау әлемдік тәжірибеде жоқ. Онсыз нақты диагноз қоя алмайды. Ал заманауи жабдық деп жүрген ПЭТ, КТ аппараты елімізде де бар. Қатерлі ісігі бар науқас оған тегін түсе алады. Елімізде МӘМС жүйесімен де басқа жағдайда да медициналық тексеруден өту көбіне тегін жүргізіледі. Бірақ көпшілік мұны біле бермейді немесе түсінбейді. Байқасаңыз, қазір ауруханадағы науқастардың барлығы тегін ем алуда. Аймақтағы бірқатар емдеу нысанындағы ақылы бөлімдерді жаптық. Кей ауруханада санын қысқарттық. Себебі ақылы ем алатын науқас жоқ. Барлығы дерлік тегін көмекке жүгінеді.

КИІК АТУҒА РҰҚСАТ БЕРДІ, СОТТЫ БОЛҒАНДАР РАҚЫМШЫЛЫҚ АЛА МА?

Солардың бірі – Алмасбек Садырбай Ол ұлттық агроқозғалыс төрағасы. Оның бұл мәселеге қатысты пікірі көңілге қонымды.

«300 мыңдай киікті атуға рұқсат берген үкімет киіктің мүйізімен ұсталып сотты болғандарды босатып, оларға неге рақымшылық жасамайды? Киіктің санын реттеуге келгенде заң шала. Салдарынан қазақтың боздақ балалары киікті атты деп жазаланып, абақтыға қамалып 5-7 жылға сотталып кетті. Артында шиеттей бала-шағасы асыраушысынан айырылып боздап қалды. Біраз заңнамаларды көтердім, заңгерлермен сөйлестім. Мынандай парадокс бар. Үкіметтегілер киікті атуға рұқсат берді, бірақ өңдеуге, сақтауға, сатуға рұқсат жоқ. Бұл – заңның шалалық жағы. Өткенде біз Батыс Қазақстан, Түркістан облысының шаруаларын Парламент қабырғасына алып келіп осы киіктің мәселесін көтердік. Бірақ нәтиже жоқ, – дейді А. Садырбай.

дейді депутат.

Халықтың жанайқайын Парламент қабырғасында көтергенмен ешқандай нәтиже болмағанына ашынған халық енді әділдік іздеп конституциялық сотқа жүгінбек. Енді сотталған азаматтардың жақындары ешкімнен қайран болмағасын, әлеуметтік желіге жарыса жазып жатыр.

Сотталған азаматтың жары Ұлжамал Бірманова өз пікірін әлеуметтік желіге жариялапты.

«Бұл сотталып отырған адамдар ешқандай дәлелсіз, кінәсіз отыр. Оның үстіне айыппұлы бар. Не деген масқара әлгі миллиондарды оқуға тілім келмейді, төлемек түгілі. Сол азаматтардын артында қалған жарының бірі боламын. Менің көрген күнімді ешкімге, тіпті жауыма да тілемеймін. Тезірек босатылуын сұраймын. Балаларымның әкесін қалай сағынып күтіп жүргендерін көріп, күнде жүрегім езілсе, түнде жастығым көз жасынан құрғамайды. Осы орайда жан

етіп қырып жатқанда, киік үшін кезінде қамалған адамдардың түрмеде отырғаны бізге сын. Дамыған мемлекеттердің қатарына кіреміз десек заңға тез арада өзгеріс енгізіп, азаматтарымызды түрмеден шығаруымыз қажет. Міндетті түрде сол азаматтардың өлгенін күтуіміз қажет емес шығар».

Әләйдар Әлменов: «Үш жүз мың киікті атуға және оны сатып, кәдеге жаратуға қалай заң шығарылса сол қалпында бұрынғы киік атып, болмаса қандайда бір жолмен киіктерге қатысты істі болса бұлардың бәріне рақымшылық жариялау керек. Жануарларға қарағанда адамның тағдыры бірінші орынға қойылуы тиіс. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші ақыры атып кәдеге асырамыз деп заң шықса адамдарды босатсын, бала-шағаларын мүйіз жинап асырауға көшсін. Өйткені кәсіби мамандар солардан шығады. Барлық істің қыр-сырын жетік меңгерген.

Абзал Құспан Парламент депутаты, заңгер: «Мен Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Мәстексай ауылына барып, сотталып кеткен азаматтардың отбасымен кездестім. 11 адам сотталған, бірақ 1 адамның қолында мылтық болмаған. Киікті өлтіргеніне бірде-бір дәлел жоқ. Киіктің қараша, желтоқсан айларында гон басталғанда 80 проценті өледі. Үйір ұстағандары қалады. Үйір ұстай алмағаны 30-40 болып бөлініп кетіп, қасқырға жем болып немесе аш болып, машинаға соғылып, түрлі себеппен өледі. Бұл азаматтардың бәрінің тіршілігі жерде жатқан киіктің мүйізін кесіп алып, нәпақа табады. Енді мәселе мынада ол азаматтар киікті өлтірмеді, табиғатқа зиян келтірмеді. Егер мылтықпен атып алса, оған әңгіме жоқ. Оларды 17 жылға соттаса да шаруам жоқ. Мәселен, мүйіздің өзін үкімет жинап жатса екен. Жинамайды. Ол шіріп жатыр. Батыс Қазақстан облысында 50 тонна мүйіз шіриді. Бір қызығы, енді оның үкіметке де керегі жоқ. Ол киікті ешкім өлтірген жоқ. Әртүрлі жағдайда өлді. Оны экспертизамен тексеруге болады. Бірақ экспертиза жүргізбейді. Бір іспен ондаған адамды соттап отыр. Сотталған 11 адамның кәмелетке толмаған 54 баласы бар. Ол конфликт туғызады. Олардың тұрақты жұмысы жоқ, мүйіз сатып, нәпақасын тауып жүрген қарапайым адамдар. Мен прократурамен де, сотпен де ештеңе шеше алмаған соң өзім көмектесіп жатырмын. Енді конституциялық сотқа беріңдер дедім», –

ұшыра көмек көрсеткісі келіп, шауып жүрген адамдарға алғыс айтамын. Алланың бұйыртқан күні әділдік болып, босап келер деген үмітпен күн кешудемеміз. Себебі «кебін киген келмейді, кебенек киген келеді», – деген сөзді миыма құйып алғанмын» дейді жүрегі жаралы ана.

Жазықсыздан жазықсыз түрмеге тоғытылғандарды бостандыққа шығаруды жақтаған желі қолданушылардың пікірі өте көп. Солардан саралап, бірнешеуін беруді құп көрдік.

Төребай Нұржанов: «Қазақта «қызғанғаным қызыл итке жем болды» деген мақал бар. Одақтың кезінде осы киікті малшы қауымы жаздай атып, не болмаса қақпанмен аулап жегенде де таусылмайтын. Сол кезде бір совхозда 50 малшы отбасы, яғни біздің Сырдария ауданында 4 мал совхозы бар болатын. Барлығы шамамен 200 малшы отбасы Сарысу жаққа шығып, 200 малшы отбасы құрығанда 20 бастан киік аулап жегенде бір жазда 4000 бас киік ауланатын. Сонда да таусылмайтын».

Гүлнар Тілеккабылова: «Менің де балам абактыда. Өзім болсам мүгедекпін. Ұлымның 4 баласының біреуі мүгедек. Оларды кім асырайды? Балаларымыздың босатылуын талап етемін».

Нариман Мәуленов: «Мемлекет болған соң заманның талабына сай, мемлекеттің дамуына лайықты заңдарға өзгеріс енгізіліп тұратыны заңды құбылыс. Кезінде Қазақстан егемендігін алғаннан кейін халық жауы болған қаншама адамды ақтап шықты емес пе? Бүгінгі таңда киікті сұраусыз, ысырап

Жергілікті жерді біледі. Қай кезде атуға, қалай ұстауға болады, олар бәрін біледі. Соларға жұмыс беру керек. Көрінген көк аттының пайдаланып кетуіне жол бермеу керек.

Әрбір пікір берген азамат адам тағдырына араша түскісі келеді. Әділдік салтанат құрған қоғамда өмір сүргісі келеді. Қара қылды қақ жарған әділетті шешім шығып, темір тордың артында қамалып отырғандар бостандыққа шығып отбасымен қайта қауышса дейді. Өмірде қатып қалған қағида жоқ. Заман да өзгереді, заң да қайта қаралады. Өзгермейтін ұлт мұраты мен адамгершілік қағидасы. Ұлт мұраты қазақтың баласы жазықсыз жапа шекпеуі керек. Ал адамгершілік қағидасы ақты ақ, қараны қара деп әділ бағалау. Олай болса, ұлт мұратын ұлықтап, адамгершілік қағидасына абай болайық.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

БАЛАСЫН НЕГЕ БОҚТАЙДЫ?

Өмірде әрбір адам отбасын құрып, балалы болып, ата-ана деген атқа ие болғаннан кейін оларға үлкен жауапкершілік артыла түседі. Ол – бала тәрбиесі. Себебі бала «ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-анасының айналайын деп мақтау сөзін естіп өссе, ол алға ұмтылады. Керісінше боқтық сөзді естіп өссе, оның да аузынан сол сөзді күте беріңіз.

Осы күні баласына боқтап сөйлейтіндерді жиі кездестіріп жүрміз. Рас қой, иә... Бірде таныс апамыздың үйінде қонақта болдық. Жиырмадан асқан ұлы бар. Бірақ сол баласының бір ісі ұнамай қалса керек, шешесінен боқтап, ақысын солай алды. Көрген көзге де, естіген құлаққа да ерсі енді. Әлгі апамызды тәте дейтінім бар еді.

– Тәте, ұлыңызды неге шешесінен боқтайсыз? – деп ыңғайсыз болғанын айтқым келді. Тәтемнің де жауабы дайын екен.

– Боқтасам өз балам. Біреудікі емес, – деп қойып қалды. Ал енді қараңыз, бұл қандай тәрбие? Негізі қоғамда баласына боқтап сөйлейтін немесе баласының көзінше боқтық сөзді көп айтатын отбасылар бары өкінішті...

Баласы көпшілік ортада әдепсіз сөз айтса, таңғалып, ұялатын ата-аналар бар немесе керісінше, мәз болып, қызық көріп, «жарайсын» деп мақтап қоятындары да қаншама. Тіпті баласын қайта-қайта боқтатып қойып, оны әлеуметтік желіге жүктейтіндері де жетерлік. Балаңызды академиктердің жанында өсірсеңіз де ол мүлде әдепсіз сөз айтпайды деген адам сенерлік ұғым емес. Неге? Тұтас бір қоғамда өмір сүргендіктен, ол міндетті түрде айналадағы адамдарды көріп өседі.

Ата-ана қателігі...

Психологтардың айтуынша, былапыт сөздерден қашып құтылу мүмкін емес, десе де баланың боқтампаз болуы ата-анаға, үйіне, ортасына тікелей байланысты. Сондай-ақ ата-аналарда баланы кішкентай кезінен былапыт сөздерге үйретсе, тілі тез шығады деген теріс пікір қалыптасқан. Осы қаншалықты дұрыс немесе бұрыс? Маман пікіріне сүйенсек...

Тәттігүл Әбілқасымова, 22 жылдық тәжірибесі бар психолог, зейнеткер:

– Баланың көзінше боқтап сөйлеу оның психологиясына тікелей әсер етіп, санасына тез сіңеді. Ал қалыпты болып кеткен бұл сөздерді кейін ол қанша жаста болса да, айтуға құмар болып келеді, – дейді ол. Психолог маманның айтуынша, мұндай жаман сөздер баланың дағдысына айналып кетпеуі керек.

– Дағды қалыптасса, біз әдетте барлығын автоматты түрде істейміз. Мысалы, баланы кішкентайынан тазалыққа, әдепке үйретсек, уақыт өте ол машықтанады, үнемі таза жүруге тырысады. Мұнда да сол сияқты. Проблема әдетке айналған жағдайда баланың аузынан қайткен күнде де бұл сөздер шығып кетеді, – дейді Тәттігүл Әріпханқызы.

Мәселенің шешу жолы сонау ерте жастан басталады. Психолог баланың түпкі санасында кішкентайынан айтылған сөздердің барлығы қалып қоятынына сенімді. Айтуынша, баланың балағат сөз айтуы – ата-анасының қатесі.

– Жаңа туған нәрестe таза парақ секілді. Біз оған не жазсақ, бала да дәл сондай әрекет етеді. Сол үшін таза парақты біз тек дұрыс жағынан толтыруымыз керек. Адам баласы негізінен ашуға булығып тұрғанда былапыт сөздер айтып, ішін босатады. Немесе кейбіреуінде бұл сөзге міндетті түрде жалғанатын қосымша іспеттес болып кеткен. Оған қоғамда болып жатқан оқиғалар, жағдайдың нашарлығы, барлығы әсер етеді. Алайда қандай жағдай болса да, баланың көзінше боқтық сөз айтпауға тырысу керек, – дейді психолог.

Боқтау – күнәнің ауыры

Бұл жайында шариғат не дейді? Біз Қызылорда облыстық «Ақмешіт Сырдария» орталық мешітінің наиб имамы Қайырбек Отызбаевка жолықтық.

– Перзент – ата-анаға Алланың берген сыйы, аманаты. Сыйы дейтін себебіміз ата-ана перзентінің дүниеге келуімен қуанады, шаттанады. Ал есейген сәтте сол перзентінің рахаты мен қызықшылығын көреді. Перзентті аманат деуіміздің сыры балаға жақсы тәрбие беру, үлгілі ата-ана болу жауапкершілігі міндеттелуінде. Сондықтан әрбір ата-ана перзентіне дұрыс тәрбие беруі үшін ең алдымен өзінің күнделікті іс-әрекетіне, ауыздан шығар әрбір сөзіне имандылық тұрғысынан бақылау қоюы қажет. Осы орайда айтарымыз, ата-ана баласына қандай жағдайда болсын боқтап сөйлеуден, балағат сөз айтудан сақ болғаны жөн.

Ауыздан шыққан әр сөздің күнә ретінде жазылатындығын Құран бізге былай ескертеді: «Адам баласының қасында, оның аузынан нендей сөз шықса да бірін қалдырмай жазып тұратын бақылаушы періштелер бар» («Қаф» сүресі, 18-аят). Адам баласы аузынан шыққан сөзі арқылы не сауап алады, болмаса күнәсі жазылады.

Жалпы өмірде боқтық сөз айту, өзгені боқтау күнәнің ауыры саналады. Ата-ананың өз перзінтіне боқтап сөйлеуін шариғат ешқашан құп, дұрыс деп санамайды. Шариғатымыз боқтық сөз айтуға қатаң тыйым салады. Шариғат күнәлі іске әрдайым шектеу қояды. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға иман еткен кісі – міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес», – деп айтқан. Хадиске сүйенер болсақ, иманды адамның сипатына боқтық, былапыт, боқауыз сөз айту жатпайды.

Халқымыз: «Сөз сүйектен өтеді» деп бекер айтпаса керек. «Ауыздан шыққан суық сөз, көңілге барып мұз болар» деп те жатады. Боқтап сөйлеу күнәнің ішіндегі ауыры деп айтылуы бекер емес. Тәрбиелік тұрғыдан қарасақ, ата-ананың боқтық сөзін естіп өскен бала ертеңгі күні ол да өзге біреулерге былапыт сөйлейтін болады. Ертең есейіп ата-ана болғанда өз перзінтіне боқтап сөйлеуді әдетті іске айналдырады. Сол үшін күнә тудыртатын мұндай боқтық сөз айтудан әрдайым мұсылман баласы сақтануы тиіс.

Тәрбиелік сөз айту – имандылықтың, мәдениеттіліктің, адамгершіліктің белгісі. Қазақ халқында «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» деген қанатты сөз бар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің тағы бір хадисінде: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басатын нәрсесі – көркем әдебі. Сөзсіз, Алла тағала боғауыз, былапыт сөз айтушы кісіге ашуы келеді» деген.

Алла Тағала бізге тілдесу, сөйлей алу нығметін берген болса, онда тілді күнәлі сөздерден тыюмыз қажет. Алла Елшісі (с.ғ.с.) өзінің хадисінде: «Кім Аллаға және Ақыретке сенсе, жақсы сөйлесін немесе үндемесін» деп өсиет айтқан. Хазіреті Әли (р.ғ.): «Жүрек таза болса, тілден әдемі сөз шығады» деген екен.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы бір хадисте былай дейді: «Адам баласы таңертең ұйқыдан тұрғанда бүкіл дене мүшесі тілдің алдында бас иіп: «Біз үшін Алладан қорық. Шын мәнінде біз саған тәуелдіміз. Егер сен туралықты ұстансаң, біз де тура жолда боламыз. Ал егер тура жолдан тайсаң, біз де таямыз» деп айтады. Ауру қалса да әдет қалмайды демекші, ата-ана күнделікті күйбең тірлікте жаман әдеттерін тыйып, боқтық сөзден сақтанып, жақсы амалдарды қалыптастырса, жақсы сөз айтуға тырысса, ұрпақ тәрбиесі үшін игілікті іс болар еді, – деді наиб имам.

Тілші түйіні

Құрметті ата-ана, онда да баласын боқтап сөйлейтіндерге айтарымыз, мүмкін сәл де болса ойланарсыз деген үміттеміз. «Ауыз менікі» деп ойға не келсе соны айта берсеңіз, «бала менікі» деп үнемі боқтай берсеңіз, онда сіз кім болдыңыз? Сізден шыққан ұрпақ қандай болады? «Жөнделем» деген адамға ешқашан кеш емес. Сондықтан Алланың берген тілдесу нығметін де, Алланың берген сыйы баланың қадірін жоғалтпайық, ағайын!

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Есептей білсең, есеп шығару қиын емес

Бастауыш сынып – бұл жауапкершілікті талап ететін үздіксіз білім беретін алғашқы баспалдақ. Онда балаларға білім беріп ғана қоймай, оның дамуына, сөйлеуі және оқуына үйретеді. Сондай-ақ оқушылардың қоршаған ортаға көзқарасын дұрыстап, талдау жасау мен ойын анық жеткізуді және салыстыруды үйренумен қатар сөйлеу мәдениетінде қалыптастырады. Ол үшін мұғалім оқушылардың оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырып, сабаққа қызығушылығын арттыра білуі керек.

Егер оқушыларды бастауыш сыныптан бастап ізденуге баулыса, балалар кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге, оны зерттеуге үйренеді.

Зерттеп үйрену арқылы оқушының бойына басқалар елемейтін мәселені көру ерекшелігін дамыту мен қатар керекті ақпаратты қажет кезінде таба білуге үйретеді

Сонымен қатар зерттеу әдісін қолдану оқушылардың жеке-дара қажеттілігі мен сұранысын қанағаттандыруға ықпал етеді. Бұдан бөлек өзіндік зерттеулер интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді, ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша өз бетінше зерттеудің көмегімен оқушылар қоршаған әлемді тани отырып, өздеріне қажет ақпаратты дайын күйінде алмай, оны еңбектену арқылы алу қажеттігін ұғынады.

Әйгерім ТӘЖІБАЕВА,
мұғалім

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3109 **Тапсырыс №1919**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ